

«ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің АЕО» ШЖК  
РМК директоры міндетін атқарушының  
2018 жылғы «29» мамыз  
№ 208-а бұйрығымен бекітілген



**Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде  
«Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнының қосалқы мердігерлік шарттарды жасау тәртібі**

Астана 2018

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – АЕО РМК) қосалқы мердігерлік шарттарды жасаудың осы Тәртібі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің иормаларына, Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 41-бабына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының 1-бабы 4-тармағына және «Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №236 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Осы тәртіптің әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікті, өнім берушіні таңдау процесінің жариялылығы мен айқындығын, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуді, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды, сапалы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. РМК әлеуетті өнім берушілердің өгінімдерін қарау және жеңімпазды анықтау үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссияны қалыптастырады

4. Комиссияның шешімі қосалқы мердігерлік шартты жасау немесе қосалқы мердігерлік шартты жасаудан бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

5. Осы Тәртіпте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

мемлекеттік тапсырма – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға, Ұлттық әл-ауқат қоры тобына кіретін ұйымдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын оның ұйымдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетіне, дербес кластерлік қорға, дербес білім беру ұйымдарына және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын олардың ұйымдарына, жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын және (немесе) әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді орындауға арналған тапсырыс;

мемлекеттік тапсырманы орындаушы – АЕО РМК;

тапсырыс беруші – АЕО РМК;

әлеуетті өнім беруші – өтеулі қызметтер көрсету шартын жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

өнім беруші – біліктілікті іріктеу қорытындылары бойынша тапсырыс берушімен өтеулі қызметтер көрсету шартында оның контрагенті ретінде және мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша негізгі шарттың қосалқы мердігері ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

әлеуетті өнім берушінің біліктілікті іріктеуге қатысуға өтінімі – әлеуетті өнім берушінің коммерциялық ұсынысы;

комиссия – өнім берушілерді біліктілікті іріктеу рәсімін өткізу үшін АЕО РМК құратын алқалы орган.

## 2. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілігін іріктеуді өткізу тәртібі

1. Шарт жасасуға бастамашылық білдірген АЕО РМК-ның құрылымдық бөлімшелері АЕО РМК басшысына шарт жобасын, техникалық ерекшелігін әзірлеп, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді берушілерге қойылған басқа да талаптарды ұсынады.

АЕО РМК-ның құқықтық қамтамасыз ету және кадрлық жұмыс бөлімі біліктілікті іріктеуге қатысуға әлеуетті өнім беруші өтінімдерін қабылдау аяқталғанға дейін кем дегенде 5 (бес) күнгізбелік күн бұрын АЕО РМК-ның ресми сайтында біліктілікті іріктеу өткізу туралы хабарландыру мәтінін орналастырады. Хабарландыру мәтіні жоғарыда көрсетілгеннен басқа, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттарды сұратуды қамтуы тиіс.

2. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілігін іріктеуге қатысуға берген өтінімдерін (бұдан әрі - өтінім) қарау біліктілікті іріктеуге қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

3. Әлеуетті өнім берушілер шарт жасауға талап етілетін құжаттардың толық тізбесін және коммерциялық ұсынысын тапсыру керек.

4. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілігін іріктеуге қатысуға берген өтінімдері АЕО РМК-ы конкурстық комиссиясының хатшысына қолма-қол беріледі.

5. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері осы Тәртіпте белгіленген біліктілік талаптарға және техникалық ерекшеліктерге сәйкес келуіне қаралады.

6. Өтінімдерді АЕО РМК-ның бірінші жетекшісі қалыптастырған комиссия қарайды.

7. Комиссия қажеттілігіне қарай жазбаша түрде келесі құжаттарды:

1) әлеуетті өнім берушілерден материалдар мен өтінімге түсіндірмелер;

2) тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан Өтінімнің мазмұнындағы мәліметтерді нақтылау мақсатында қажетті ақпаратты сұратуы мүмкін.

8. Өтінімдерді қарау нәтижесі бойынша комиссия біліктілік және басқа да талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтайды.

9. Комиссия:

1) шартты жасауға бөлінген сомадан асып кеткен қатысушылардың коммерциялық ұсыныстарын қабылдамайды;

2) техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамайды;

3) ең төмен баға және интеллектуалды меншік объектісі болып табылатын сатып алынатын тауарларға, қызметтерге қатысты айрықша құқықтар негізінде, олар расталған жағдайда жеңімпазды анықтайды.

10. төраға, мәжіліске қатысқан барлық комиссия мүшелерінің қолдарын, сондай-ақ комиссия хатшысының қолын қойғызып, комиссия коммерциялық ұсыныстарды бағалау және салғастыру нәтижесі бойынша қорытынды жөніндегі хаттама ресімдейді.

11. АЕО РМК конкурс қорытындысы жөніндегі хаттамаға қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) АЕО РМК ресми сайтында хаттаманың сканерден өткізілген нұсқасын орналастыруға тиіс.

12. АЕО РМК-ның құқықтық қамтамасыз ету және кадрлық жұмыстар бөлімі қорытынды жөніндегі хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушімен өтеулі қызметтер қорсету бойынша қосалқы мердігерлерлік шарт жасасады.

### **3. Біліктілікті іріктеу бойынша әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптар**

1. Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарға сәйкес келуін растау үшін келесі құжаттар тізбесін ұсынады:

қызметтерге коммерциялық ұсыныс және техникалық ерекшелік;

құқықтық қабілеттілікті (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігін (жеке тұлғалар үшін) растайтын нотариалды куәландырылған құжаттар;

заңды тұлға заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген, нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну қажет. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері сауда тізілімінен жария етілген көшірме үзіндісі мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған, нотариалды куәландырылған түрде ұсыну қажет;

сатып алынатын тауарлар, қызметтерді өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізу және іске асыруға әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын нотариалды куәландырылған лицензиялармен/немесе патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар, басқа да құжаттардың көшірмелері.